

УДК 728

## **ХІХ-ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ТАСТАН ҚАЛАНҒАН СӘУЛЕТШІЛІКТІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Тойбазарова Эльмира Мухтарқызы**

*Elmira2008\_t@mail.ru*

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Научный руководитель - Чекаева Р.У

**Кіріспе.** Қазақстанның архитектурасы, жалпы алғанда өзіндік феномені бар. Қазақстан географиялық тұрғыда Еуразия континентінің ортасында орналасқандықтан республика аймағы және оның тұрғындары көп ғасырлық даму тарихында біршама ірі саяси қақтығыстарды және экономикалық сүргіндерді бастан өткізді. Бұл, әрине қалыпты жағдайда ортаның өмір сүруі мен тез қалыптасуыне әсерін тигізбей қоймады. Осындай процестер түрлі табиғи-климаттық, және инженерлік- геологиялық факторларға байланысты, өндіріс күшінің даму деңгейі, құрылыс материалдарының жергілікті жерден алынуы немесе басқа аймақтан тасымалдануы, тұрақты тұрғындардың көзқарасы, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөлісулер, және мемлекет құрылуындағы. Құлдыраулар әр аймақтарда көрініс тапты. Мемлекеттегі осындай факторлардың жиынтығы әр кезеңдерде сәулетшілікке өзгеше бір рең берді. Осының нәтижесінде Ресей-империясының қоғамдық-саяси өзгерістеріне байланысты. Қазақстанға көшіп келгендермен бірге, сәулет өнерінде ағашты және тасты пайдалану дәстүрі келді. Олар өздерімен бірге өз өңірлерінің өзгеше сәулетшілігін алып келіп, Қазақстанның архитектура стилистикасына көркемдік өзгерістер енгізді. Жөндеуге жоспарланған ғимараттар аздап өзгертіліп, бастапқы қалпын сақтап қалды. Бұл көбінесе Ресейдің Қазақстанмен шектесіп жатқан жерлерінде пайдаланылды. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда құрылыс жақсы дами бастады. Әсіресе, осы кезеңде он төрт әр түрлі қоғамдық ғимараттардың құрылыс кең қарқын алды. Олар әкімшілік басқару, мәдени-ағарту, емдеу-сауықтыру, оқу орындары, асхана, мейрамхана қонақ үй сияқты ғимараттар бой көтерді.

**Негізгі бөлім.** ХІХ ғасырдың бірінші жартысында стильдік бағыт орыс классицизмнің үстемдік көзқарасынан анықталды. Осы кезеңде классицизмнен эклектикаға өту этапы. Негізінен көше фасадтарында декорланған элементтер мен байытылған байқалады. Ғимараттардың архитектуралық шешемі тапсырыс берушінің талғамы мен сұранысына сай, түрлі орыс сәулетшілігінің бағытын орыс классицизм мотивтерін пайдалану арқыды көшіреді. Сәулетшілік элементтеріне кірпіштен жасалған контрфорстар, жартылай

бағаналар, бағаналар, эркерлер, фронтондар, ризалиттер, пилястрлар, карниздер, кронштейндер, қуыстар жатады.



Сүрет 1. Ванюшиндер үйі (1880 жылы).




Сүрет 2. Ванюшиндер үйі қазіргі көріні

### **Орал қаласындағы Ванюшиндер үйі ғимаратқа архитектуралық талдау.**

XIX ғасырдың екенші жартысында Орал қаласындағы Ванюшиндер үйі қаладағы шығыстың ұлттық стилінде салынған өзгеше ғимарат болып табылады. Ванюшиндер үйі Мәскеудің Кремль аумағында орналасқан көне сарайдың архитектура үлгісіне еліктеп салынған. Құрылысқа жергілікті Оралда өндірілген зауыт кірпіші пайдаланылған. Үш қабаттан тұратын бұл ғимараттың кірпіштен қаланған жертөлесі бар. Ғимараттың фасадын көп терезелі қуыстан тұрады. Есік алды тигістеліп қаланған. Шатыры металдан күмбезделіп жасалған. Төбесі шығыс үлгісіне тән ағаш айдарлары бар шатыр тәрізді. Үйдің шығыс және солтүстік жағы сол уақытқа сай көркемдеп бейнеленіп қаланған.

### **Орал қаласындағы (Көпес Караевтің үйі) ғимаратқа архитектуралық талдау.**



Сүрет 3. Көпес Караевтің үйі 1880 ж.



Сүрет 4. Көпес Караевтің үйі қазіргі көрініс.

Тұрғын үй Оралдық бай көпес Караевтікі болған. 1900 жылы Орал қаласындағы Үлкен Михайлов және Мостовой көшелерінің қиылысында осы тұрғын үй салынған. Караевтің үйі қаладағы ескі құрылыстармен салыстырғанда көлемі жағынан үп- үлкен ғимарат болып саналған. Ол орамның қаланың бірнеше көшелердің қиылысымен шектелген бөлігі алып

жатыр. Оның биіктігі үш жоғары тұратын қабатпен теңеседі. Ғимараттың төбесін биік мұнарамен салыстыруға болады өйткені өзі-де сондай биік болып көрінеді. Бұл үйдің нөшірін және орналасқан көшесін анықтап алу мен сұраудың қажеті жоқ. Белгілі Достық көшесінің бойында Краев көшесінің бұрышында үш қабатты биік мұнаралы үйдің төбесінде кірпіштен сылақсыз « Караевтің үйі» деген оюлы жазу бар. Фасадтың күнқағарында ғимараттың салынған жылы көрсетілген.

Екенші қабаттағы терезелерінің жиектері кірпіштен , ал үшінші қабаттікі ромалардан, жиектерден, косяктардан жасалған. Шілтерленген шойын тіреуішті балкондар алыстан назар аудартады. Соңғы қабаттың терезелері арка түрінде жасалған. Осы ғимарат Орал қаласындағы орыс үлгісіндегі кірпішпен тастан қаланған жалғыз ғимарат.

### Енді Орал қаласындағы сауда-өнеркәсіптік банккі қарастырайық.



Сүрет 5. Сауда-өнеркәсіптік банк (1904 жыл).



Сүрет 6. Сауда-өнеркәсіптік банк (1904 жыл), қазіргі көрініс.

XIX ғасырдағы сәулет ескерткіші өзінің бұрынғы орнында тұр, бірақ қазіргі кезде ол орналасқан алаң Түркістан емес енді оған ұлы ойшыл. Абайдың есімі берілген. Төңкеріске дейін осы үш қабатты үйде Орыс сауда-өнеркәсіптік банкі орналасқан. Бірінші қабат — үй астындағы, екінші — тротуармен бірге, дүрендерге арналған, үшінші — банк және биржаға арналған. Кіре берістің сол жағында — нотариалдық кеңсе, оң жағында — дүкен.

Кіре берістің алдында ұстындардың арасында көтеріңкі тұратын арыстандардың фигуралары бар. Оң жақта Орал казак әскерінің елтаңбасына таянып тұратын арыстан, ал сол жақта — Орал облысының елтаңбасына сүйеніп тұратын тура осындай жабайы, аң бар. Ғимарат тас пен темірден, ренессанс стилінде салынған Банк ғимараты (оның периметрі бойынша) декоративтік ордың дуалымен қамтылған. Үй алды (фасад) бай мәнерлеп жабыстырылған, түсті пластикалары бар балкон шарбағымен әдемі көрінген. Ғимараттың басты ерекшелігі — алға жылжыған портал. Ол мүсіндері бар ұстындармен безендірілген. Қала тұрғындары коммерциялық банкті «ақ банк» деп атаған болатын.

**Шешімі :** Кірпіш стилі архитектуралық объектілерді салғандай тым асырмай? Пайдаға асатын шексіз мүмкіндіктерді берген. Бұл стиль өте әсем, сәнді боп көрінген. Түрлі фигуралық кірпіштен жасалған декор әрқашан заң талаптарына бағынып кірпіштің өлшеліне сай жасалған. Құрылыстың аймақтылығы бедерлі қалақты пайдалану арқылы және ерекшелінген және пластика оюлар көбінесе ақ түсті болған. Үйдің сыртқы және ішкі қабырғаларын көтерген бойда, бір мезетте кірпіштен жасаған архитектуралық элементерді де қалаған.

Кірпіштер көп жағдайда қатар-қатар кейде көлбеу қатармен тігінен қойылған. Мысалы корниздерді қалағанда, жұқа қалқаларда кездеседі. Кейбір тік шектеулердің тігістерін дұрыс қалау үшін бағаналарды қалауда, біріктіретін жерлерінде. Қабырғалардың қиыстарында тұтастай кірпіш емес. Кірпіштің жартылай төрттен бірі үштен бір бөліктері қажет етіледі.

Бұл мақала Ресей империясының сәулет өнеріндегі кірпіш стиліне әсері туралы айтуды мақсат етеді. Кірпіш стилінің өзіндік сипаттамалары мен сәулеттік элементтері бар. Әртүрлі типтегі қоғамдық ғимараттардың құрылысы ерекше ауқымға жетті: әкімшілік, мәдени, білім беру, аурухана және оқу орындары, діни ғимараттар мен құрылыстар, асханалар мен мейрамханалар, қонақ үйлер. Әр ғимараттың аймақтың өзіндік сәулеті бар.

#### Әдебиеттер тізімі

1. 1.Архитектура казахстана хх века (Развитие архитектурно-художественных форм) Москва-Алматы 2004. Источник: <http://tehne.com/assets/i/upload/library/samoilov-arhitektura-kazakhstan-20-veka-2004.pdf>
2. Программная статья президента «Рухани жаңғыру» («Курс в будущее: духовное обновление»). 2 апреля 2017 «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в которой обрисовал четкие контуры модернизации общественного сознания. Источник: <https://e-history.kz/ru/publications/view/4012> © e-history.kz
3. Гельфонд А. Л. Архитектурное проектирование общественных зданий и сооружений. - Москва. «Архитектура –С».2006
4. История Казахстана. - Алматы, 1997. – Т. 2
5. Типология и стили архитектуры – Энциклопедия искусства. Эл. источник: [www.arthrojekt.ru](http://www.arthrojekt.ru)